

Ортаңғы №2 «Күншуақ» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы
Сәуір айы, II-апта (05.04.-09.04.2021ж)

Өтпелі тақырып: "Табиғатты қорғап үйренейік"

Апталық тақырып: "Шөпте не жорғалайды? "

Мақсаты: Балаларға қоршаған әлем туралы түсініктерін кеңейту. Қоршаған ортаның әдемілігімен оған деген қамқорлық қарым-қатынасқа байланысты мейірімді сезімдерге тәрбиелеу. Жыл мезгілінің сипаттық белгілері туралы балалардың түсініктерін жүйелендіру, белгілерін еркін таба білуге үйрету.

Міндеті: Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, тіршілік иелеріне қамқор болып, аялауды ұғындыру. Үлкендердің еңбегін бағалауға үйрету.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 05.04.2021ж.	Сейсенбі 06.04.2021ж.	Сәрсенбі 07.04.2021ж.	Бейсенбі 08.04.2021ж.	Жұма 09.04.2021ж.
Балаларды қабылдау Ата – аналармен әңгімелесу	8.00-8.40	Ата-аналар мен балалармен амандасу. Балаларды қабылдап, т өлшеу, тазалығын тексеру.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		Санамақты үйрету: Мақсаты: Тілдерін жетілдіру, санамақты жаттау, есте сақтау қабілетін жетілдіру	Дидактикалық ойын: "Қай пішінге ұқсайды?" Мақсаты: Балалардың зейін қоюшылығын дамыту, түс, пішін айыра білуге үйрету	Саусақ жаттығуы: Сабындадық құлақты, атқан шақта жаңа таң. Міне, қандай қолымыз, міне қандай алақан. Соқтық міне алақан, аяғымыз билейді. Қуанғанда алақан алақанға тимейді	Пирамида ойыншығы бойынша түстерді ажыратып, айтып шығу. Мақсаты: түстерді ажыратып, есте сақтау қабілетін арттыру.	Саусақ жаттығуы. Мысық пен тышқан. Тышқан қашты мысықтан Қатты-қатты жүгірді. Орын тапты қуыстан Зәресін мысық ұшырды. Қарады мысық тесіктен, Тышқанға бері шық,- деді. Еденді ұрды "Тук-тук" деп, Тырналады, кетпеді
Таңертеңгілік жаттығу		Ертеңгілік жаттығу кешені «Құстар қанат қағады»				
Таңғы ас		Балаларға қолды дұрыс жууға, құрғатып сүртуге үйрету. Таза және ұқыпты тамақтануға қасық, кесе, сүлгіні орынды қолдануға және тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйрету. Балаларға тамақ ішкенде жан –жағына алаңдамай отыруға дағдыландыру. Тамақ ішіп болған соң майлықты қолдандыру.				

<p>Ұйымдастырыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық</p>	<p>8.40-9.15</p>	<p>Дидактикалық ойын:"Желаяқтар мен жәйбасарлар" Мақсаты:Балаларға әр түрлі жануарлар таратылып,оларды дұрыс ажырата білуге үйрету,шапшаңдыққа баулу.</p>	<p>Дидактикалық ойын:"Кім не істейді?" Мақсаты: Қажет сөздерді қолдана білуге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын:"Бұл қандай түс?" Мақсаты:Балаларға түстерді ажырата білуге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын:"Бұл не?" Мақсаты: Балаларды көрсетілген заттар мен ойыншықтарды атап, айтып бере білулеріне үйрету. Аз немесе көп мағыналарын түсіндіру.</p>	<p>Дидактикалық ойын:"Ғажайып қалта" Мақсаты:сезім мүшелері арқылы заттарды ажырата білуге үйрету</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері</p>	<p>9.15-10.20</p>	<p>1."Қатынас" Сөйлеуді дамыту. Тақырыбы: «Жәндіктер әлемі» Мақсаты: Балалардың жәндіктер туралы түсінігін анықтау және кеңейту. Ерекшеліктері мен ұқсастықтары табуға, жалпы қасиеттері бойынша топтауға үйрету (шыбын, инелік, құрттар, құмырсқа, көбелек т.б.) Балалардың жәндіктерге қамқорлық сезімдерін тәрбиелеу. 2."Таным". Математика негіздері «Еңбекқор жәндіктер» Мақсаты: Балаларға үстіне қою және жанына қою әдістерін пайдаланып екі затты биіктігі бойынша салыстыру және жұмыс нәтижелерін жоғары-төмен, биіктіктері бірдей сөздерін қолданып белгілеуін</p>	<p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы: «Еңбекқор жәндіктер» Мақсаты: Жәндіктер туралы түсініктерін кеңейту. Еңбекқор жәндіктердің еңбегін бағалауға үйрету. Допты кеудеден қос қолмен көлденең нысанаға лақтыруды. Еденге тігінен қойылған 3 құрсаудың астынан өтуді бекіту. 3."Шығармашылық Музыка Тақырыбы: Бақа, бақа, бақ-бақ» (Қ. Қайым) Мақсаты: Жәндіктер туралы түсінік беріп, шығармашылыққа баулып, әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға үйрету.</p>	<p>1. "Денсаулық" Дене шынықтыру. Тақырыбы: «Құмырсқалар» Мақсаты: Құмырсқалардың тіршілігімен таныстыру. Допты лақтыруға жаттығу. Қол ұстасып бір-біріне бөгет жасамай, тез шеңберге тұрып жүре білуге жаттығу 2."Қатынас" Көркем әдебиет Тақырыбы: «Көбелек» өлең А.Сәрсенов Мақсаты: Балаларға жәндіктер туралы мағлұмат беру. Жәндіктердің түрлерімен таныстыру, оларға қамқор болуға тәрбиелеу. Көркем сөздің бір тұтас қабылдауын қалыптастыру. Мазмұнын түсінуге көмектесу. 2."Шығармашылық" Сурет салу Тақырыбы «Көбелекті</p>	<p>2."Денсаулық" Дене шынықтыру Тақырыбы:«Өрмекшілер» Мақсаты: Өрмекшілер жөнінде түсініктерін молайту. Ырғақпен, баяу қарқында қолдарымен еркін қимылдап, шеңберді тарылтпай жүгіру.. Еденге тігінен қойылған құрсаудан өтіп еңбектеуге жаттығу 1."Таным" Жаратылыстану. Тақырыбы: «Құмырсқаға көмектесеміз» Мақсаты: Жәндіктер (құмырсқа) туралы түсінік беру, ерекшелігін сипаттау (тіршілігі, немен қоректенуі, сыртқы түрі, қозғалысы, дыбысталуы, мекендейтін ортасы). Күн жылына бастағанда табиғатта өзгерістер болатыны туралы еске түсіру.</p>	<p>2."Шығармашылық Жапсыру. Тақырыбы: «Шөптегі жасыл құрт» Мақсаты: Балалардың қол қимыл әрекетін жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету. Есте сақтау қабілеттерін, тілін дамыту, жәндіктерге деген қамқорлық сезімдерін ояту, балаларды ұқыптылыққа, еңбекке тәрбиелеу. 2."Әлеумет" Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Ғажайып жәндіктер әлемі» Мақсаты: Балаларды жәндіктер әлемімен таныстыру. Ерекшеліктерін сипаттау (тіршілігі, немен қоректенетіні, сыртқы түрлері, қозғалыстары, дыбыстары,</p>

		<p>үйретуді жалғастыру. Сөзде астында, үстінде, ішінде, сыртында сөздерін қолдану дағдыларын дамыту.</p> <p>1)Әдіс-тәсіл: 1.Амандасу. 2.Жұмбақты шешу. Қылдай белі бүгілген Өзінен де жүгі үлкен Ол не?(құмырсқа) 3.Көрнекілік арқылы жәндіктермен таныстыру. 4.Қ/ойын:"Аралар" 5.Сергіту сәті. 6.Сұрақ-жауап,мадақтау</p> <p>2)Әдіс-тәсіл: 1.Қ/ойын:"Бірдей заттарды тап" 2.Текшелердің көмегімен жоғары-төмен,биік-аласа ұғымдарын түсіндіріп,көрсету. 3. Қостілділік:жоғары-вверх,төмен-вниз 4.Сергіту сәті. 5.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>		<p>әсемдейміз» (дақтар салу) Мақсаты: Балаларды дақ бейнеленген қағазды бүктеу арқылы және көбелектің жетпей тұрған бөлшектерін (бас, мұрт) суретін салып бітіруге үйрету. Әдіс-тәсіл: 1.Жұмбақ жасыру: Гүл ұшып гүлге қонады. Гүл бақшам гүлге толады.Ол не?(көбелек) 2. А.Сәрсенов"Көбелек" атты өлеңін оқып,түсіндіру. 3.Ғажайып сәт.Ішке Буратино келеді.Досы Мальвинаға сыйлық керек екенін айтады. 4.Көбелектің суретін салу. 5.Буратиноға ұсыну. 6.Сергіту сәті. 7.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>	<p>Қоршаған ортаның сұлулығы мен жәндіктер әлеміне деген қамқорлық қарым –қатынасқа байланысты мейірімді, құштарлық сезімдерін тәрбиелеу. Әдіс-тәсіл: 1.Жұмбақты шешу: Қыпша белді Қыбыр жүрісті Тыным алмайды Тындырмай жұмысты. (құмырсқа) 2.Құмырсқаны ұшырып,жел ала кетеді.Соны іздеуге шығады.Жолдан жұмбақ шешіп барады.Құмырсқа өрмекшінің ауына шатасып қалыпты. Босату үшін бір ойынды ойнап беру. 3.Д/ойын:"Не дыбыстайды?" 4.Сергіту сәті. 5.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>	<p>мекендейтін ортасы). Ара, құмырсқаның өзіндік ерекшелігімен таныстыру, балдың денсаулыққа пайдасы туралы, құмырсқаның еңбекқорлық қасиетін түсіндіру. Жәндіктерге деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу. Әдіс-тәсіл: 1.Амандасу. 2.Кіріспе әңгіме:көктем мезгілі туралы қайталау. 3.Көрнекілік арқылы жәндіктермен жеке тоқталып түсіндіру. 4.Д/ойын:"Артығын тап" 5.Ақ қағазға түрлі-түсті қағаздан дайындалған жасыл құртты жабыстыру. 6.Сергіту сәті. 7.Сұрақ-жауап,мадақтау.</p>
Серуенге дайындық	10.20-10.40	Киімдерін ретімен киюге үйрету.Киімді дұрыс орнына жинауды жалғастыру,бір-біріне көмектесіп алғыс айтуға тәрбиелеу.				
Серуен	10.40-12.00	Көктем мезгілін бақылау.	1.Аспанды бақылау.	1.Күнді бақылау. Мақсаты: Күннің	1.Жыл мезгілінің өзгеруін бақылау.	1.Аула жинаушы апайдың еңбегін

		<p>Мақсаты: Ауа-райының өзгеруін сезіну.</p> <p>2.Еңбек: Алаңдағы тастарды жинау.</p> <p>3.Қимылды ойын: "Мысық пен тышқан"</p> <p>4.Жеке жұмыс: Ақылбектен пішіндерді сұрау.</p> <p>5.Еркін ойындар</p>	<p>Мақсаты: Ашық болса, көгілдір, күн ашық. Бұлт жапқан болса, аспан көңілсіз, сұр болып тұрады</p> <p>2.Еңбек: Ойын алаңын реттеу.</p> <p>3.Қимылды ойын: "Жалаушаға жет"</p> <p>4.Жеке жұмыс: Айбибігесөйлем сөздерін айтқызу.</p> <p>5.Еркін ойындар</p>	<p>жылуын сезіну.</p> <p>2.Еңбек: Ойын алаңын тазалау.</p> <p>3.Қимылды ойын: "Поезд"</p> <p>4.Жеке жұмыс: Ахмедиярға балалармен бірге ойнауға дағдыландыру</p> <p>5.Еркін ойындар.</p>	<p>Мақсаты: Табиғат өзгерістері туралы түсініктерін кеңейту</p> <p>2.Еңбек: Құстарға жем беру.</p> <p>3.Қимылды ойын: "Ақ серек, көк серек"</p> <p>4.Жеке жұмыс: Аянат пен Асылымнан пішіндерді сұрау</p> <p>5.Еркін ойындар.</p>	<p>бақылау.</p> <p>Мақсаты: үлкеннің еңбегін бағалауға тәрбиелеу.</p> <p>2.Еңбек: Ойын алаңындағы тастарды жинау.</p> <p>3.Қимылды ойын: "Аю апанында"</p> <p>4.Жеке жұмыс: Мадина мен Бекжаннан жыл мезгілдерін сұрау.</p> <p>5.Еркін ойындар</p>
Серуеннен оралу	12.00-12.20	Балаларға сыртқы киімдерін шешіп, сөрелеріне ұқыпты жинауға дағдыландыру. Қолдарын таза жууға үйрету.				
Түскі ас	12.20-13.00	Балаларға тамақтану кезінде тыныш отыруға дағдыландыру. Астарына дәмділік тілеу.				
Түскі ұйқы	13.00-15.10	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
		Жәй әуен ырғағымен балаларды ұйқыға жатқызу.	"Мақта қыз бен мысық" ертегісін оқып беру арқылы ұйықтату.	Балаларға жәйлі жатып, тыныш ұйықтауға, жылы сөз айтып жатқызу.	"Шалқан" ертегісін оқып беру арқылы тәтті ұйқыға жатқызу.	Балаларды Р. Рымбаеваның «Тентегім» әуені тыңдату арқылы ұйықтату
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	15.10-15.40	Балаларды ұйқыдан оятып, керілу, созылу жаттығуларын жасату. Төсек үстінде қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, оң аяқтарын көтеру, екі аяғын бірге ұстап түсіру.				
Бесін ас	15.40-16.10	Балаларды тамақты ұқыпты ішуге дағдыландыру. Балаларға майлықты дұрыс қолдануға үйрету.				

<p>Ойындар, дербес әрекет.</p> <p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар</p>	<p>16.10-16.30</p>	<p>Вариативтік компонент:"Сикырлы әлем!" Тақырыбы: "Күн" Мақсаты: Батыру әдісі бойынша күнді алақанмен, күн шуақтарын алақанның қырымен салуға үйрету.Негізгі түстерді бекіту. Көз мөлшерлеу, пропорцияларды сақтай білу, көргенді есте сақтау қабілетін дамыту. Бейнелеу өнеріне оң көзқарасқа тәрбиелеу. Аружан мен Аянадан жыл мезгілдерін сұрау.</p>	<p>Фланенеграф театры арқылы"Маша мен аю"ертегісін сомдау. Мақсаты:Балалардың назар аударып тыңдауға қызығушылығын арттырып,есте сақтау қабілетін арттыру.</p> <p>Мадинаға сөйлеу мәнерінің тәсілдерін (сөйлеу қарқыны, интонация) сақтауды үйрету</p>	<p>Қимылды/ойын: "Кім шапшаң" Мақсаты:..Шапшаңдыққа,достыққа,жылдамдыққа баулу.Ұйымшылдыққа,адамгершілікке тәрбиелеу</p> <p>Нұрасыл мен Асылымға заттарды, суреттерді қарастыруда, сұрақтарға жауап бере білуге үйрету</p>	<p>Сюжеттік ойын: «Дәрігер» Мақсаты: Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, сөздік қорын молайту</p> <p>Ақылбек пен Нұрасылға түстерді ажыратуға дағдыландыру.</p>	<p>Дидактикалық ойын:"Көп және біреу." Мақсаты:көп және біреу қатынастарын білуге,заттардың тең,тең емес топтарын салыстыруға үйрету</p> <p>Айбибіге сөйлеу мәнерінің тәсілдерін сақтауды үйрету.</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>16.30-16.50</p>	<p>Балаларға ішке киетін киімдерін сөрелеріне жинап, сырт киімдерін кигізу.</p>				
<p>Серуен</p>	<p>16.50-17.50</p>	<p>Кешкі ауа-райын бақылау. Қимылды ойын: "Ақ серек,көк серек" Мақсаты:Балаларды ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа үйрету. Еркін ойындар</p>	<p>Көліктерді бақылау Қимылды ойын: "Қуып жет" Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа тәрбиелеу. Еркін ойындар</p>	<p>Бұлттарды бақылау. Қимылды ойын: "Қай жерден дыбыс шығады" Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа,шапшаңдыққа үйрету.Ойынды ойын барысында түсіндіру. Еркін ойындар.</p>	<p>Ағаштарды бақылау. Қимылды ойын: "Поезд" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға,ептілікке үйрету. Еркін ойындар.</p>	<p>Құстарды бақылау Қимылды ойын: "Ұшақ" Мақсаты: Балаларды тәрбиешінің белгісі бойынша қимылдауға, кеңістікте бағдарлау, ептілікке үйрету Еркін ойындар</p>
<p>Серуеннен</p>	<p>17.50-18.00</p>	<p>Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге,киімдерін ретімен шешіп,жинап қоюға дағдыландыру.Қолдарын дұрыс</p>				

оралу		жууға үйрету.құрғатып сұртулерін қадағалау.				
Балалардың үйге қайтуы.	18.00-18.30	Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау	Ата-аналарға балаларды мезгілге сай киіндіруін ескертіп айту.	Ата-аналарға балаларының тәртібі туралы әңгімелесу.	. Ата-аналарға балаларының төлем ақысын төлеуін ескерту	Балалардың тазалығы туралы әңгімелесу.